

БҰЙРЫҚ

12.01.2018 жыл №02-01/06

Степняк қаласы

ПРИКАЗ

г.Степняк

«Қамқорлық» қайырымдылық акция айлығын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №290/1.4-10/481 хатына сәйкес және облыстық білім басқармасының 2018 жылғы 11 қаңтар күнгі №12 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорларына:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы аясында әлеуметтік қорғалмаған санатындағы балаларға көмек көрсету мақсатында Республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы **2018 жылы 10 қаңтардан 10 ақпан** аралығында жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастырылсын.

- 1) Алдын ала PR – компанияларды (аймақтық баспасөз конференцияларын, ақпараттық бұрыштарды, баннерлерді орнату, плакаттарды, үнпарақтарды және т.б.) өткізу, акцияны өткізу кезеңінде БАҚ-тың назары кеңінен аударылсын.
- 2) Ірі өндірістік компаниялар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы үндеу шығарылсын.
- 3) Жергілікті басқару органдары, қоғамдық ұйымдармен бірге тұрмысы төмен отбасындағы мектеп жасындағы балаларды мезгілдік ыстық тамақпен 100 % қамтамасыз ету шаралары орындалсын.
- 4) Қатер тобындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізілсін;
- 5) Азаматтардың өтініштері бойынша жедел шара қолдану үшін «Шұғыл желінің», сенім телефондарының, білім ұйымдарындағы қоғамдық қабылдаулардың үздіксіз қорытындысы жұмыс істеуі ұйымдастырылсын.
- 6) Айлықтың өту қорытындысы бойынша мәлімет білім бөліміне **2018 жылғы 10 ақпанына дейін** хабарлансын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы А.Ақшаловаға жүктелсін.



Р.Абдикенов